Бекітемін:

№43 «Гүлдәурен»балабақшасының меңгерушісі:

_____________ К.Т. Шокпарова

**2023-2024 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде «Алақай» ересек топ балаларына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің**

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**2023-2024 оқу жылы**

**Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК**
**Топ:** «Алақай» ересек тобы
**Балалардың жасы:**4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар.** Сапта бір-бірден жүру,жүруді жүгірумен алмастыру,. Өкшемен жүру.Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру (2-3 рет 10 рет секіру, жүрумен кезектесу). 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу.Доптарды бір-біріне домалату. Бір-бірден сапқа тұру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді(р,л)дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну,заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеудеқолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуд іжетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрл іәрекеттерінде ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдерді тыңдауға,көркем сөзге,кітапқа қызығушылыққа баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталапайтуға,қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | Қазақ тілі аптасына 1 рет | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолданабілуге үйрету.Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы,лепті,бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| **Танымдық жәнезияткерлік дағдыларды дамыту** | Математика негіздері | **Жиын:**Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br>**Сан,санау.**<br>2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Шама:**Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).<br>**Уақыттыбағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Балалардың шығармашылық дағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту** | Сурет салу | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға,ойыншықтарға қызығушылықты дамыту.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | Мүсіндеу | Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып,бейнелерді мүсіндеу.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Қазақ халқының заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. |
| | Жапсыру | Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, |

| | | |
|---|---|---|
| | | құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру. |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторлардан құрастыру.**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді,бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге,орамдарға,ілмекке айналдырабілу,бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу.<br>Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | Музыка (аптасына 2 рет) | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру,музыкалық шығармалар эмоционалдыққа баулуға дамыту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>**Әнайту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әндісозып,қимылдармен  үйлестіріп айтуды қалыптастыру<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш с ипатын ырғақты жүріспен беру,<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,<br>Жеңіл,ырғақпен қозғалу;жұппен би,қимылдарын орындау;билердеойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылықту дыру. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешінің көмегімен). |

| | | |
|---|---|---|
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | Баланың«Мен»бейнесін қалыптастыру.Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін,мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру(мектепке баруға ынтасын,қызығушылығын арттыру).Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету,өзін құрметтеуге,өз қадір-қасиетін сезінуге,өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға,құрмет көрсетуге,кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,өзінің жақындарын амақтаныш сезімін білдіру. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Қазан айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар**<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқықадаммен(оңғажәнесолға)бағытты және қарқынды өзгертіп жүру,қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдіктісақтау:**сызықтардың арасымен(арақашықтығы15сантиметр)жүру, қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап,еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан жүру.<br>Сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру:** 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, 20–25сантиметр биіктіктен секіру.<br>Заттардың арасымен доптарды,құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру(3,5–6,5метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5метр қашықтықтан) лақтыру.<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>Ырғақты қжаттығулар.Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы  орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. |

| | | |
|---|---|---|
| Коммуникативтік дағдыларды дамыту | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен,еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді,етістіктерді,есімдіктерді қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу,диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету:затты,суретті өзбетінше қарап,сипаттауға үйрету.<br>Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері,бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға,шығармалардың,ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға,көркем сөзге,кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға,қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық таныту,<br>Ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау,мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау. халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. |
| | Қазақ тілі аптасына 1 рет | **Тілдік дамытушы орта**.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуге үйрету.Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | Математика негіздері | **Жиын.**Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,<br>**Сан,санау.**<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу. «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап берругеүйрету.<br>**Шама.** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, Ұзындығы бойынша заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау,)<br>**Кеңістікті бағдарлау**.<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| Балалардың шығармашылық дағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды  қайталап салу және олардың қасына  басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге  үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан  аласа,гүл бұтадан аласа. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы  ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктер мен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды  бірбағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты  түрде  бояу.<br>Қоршаған  ортаның  әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге,оның жабдықтарына,тұрмыстық заттарға,ойыншықтарға,сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек,шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «қызғалдақ», «ирек»,суретін салу,элементтердің орналасу ретін,олардың  арасындағы  қашықтықты сақтау.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлiгiн,олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, |
| | Мүсіндеу | Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.Дайын мүсінді дөңгелек,сопақ,шаршы,үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Кескішті қолдануды үйрету,оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | Жапсыру | Қайшыны дұрыс ұстауды  және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық  бойымен алдымен қысқа, кейін  ұзын жолақтарды  қиюды  үйрету.<br>Текшеден дөңгелек пішін,тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді,оюларды  қиюда қолдану.<br>Ұжымдық  сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды  қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып,ұлттық ою-өрнекті қолданып безендіру дағдыларын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шығармашылық қиялды дамыту.Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылық пен орындау. |
| | Құрастыру | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше,пластина,кірпіш,блок) және атау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау. |
| | Музыка (аптасына 2 рет) | **Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.<br>**Әнайту.**Балаларды мәнерлеп әнайтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптыңсүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз әнайтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылықтудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>**Балалар музыкалық аспаптарындаойнау.**Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру,қимылдарды өзгерту,шапшаңдықпен ептілік таныту. |

| | | |
|---|---|---|
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын(жел,жаңбыр,тұман,қар,бұршақ,кемпірқосақ,боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соған сәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (желсоғып,жапырақтар түсті,күннің суықтығынан жердегі қар,мұзға айналды),ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерінанықтау.<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталар және ағаштар (бақша,орман). Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, адамның табиғат қақамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Отанымыз–ҚазақстанРеспубликасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.Мемлекеттік рәміздерге(ту,елтаңба,әнұран)құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Қараша айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру:**өкшемен жүру,сызықтардың бойымен жүру, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.<br>**Секіру**: 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру<br>**Лақтыру:** заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға,ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар туралы ақпаратты талқылауға баулу. |
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,жұмбақ шешу. |
| | Қазақ тілі.<br>(аптасына 1 рет) | **Тілдік дамытушы орта**.ыбыстық сөйлеу мәдениеті.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын анық сөйлей білуді дамыту Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | Математика негіздері. | **Сан, санау**. 3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>3 көлемінде тура санауға жаттықтыру.<br>**Шама**. Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып,заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және дене кубты танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, жоғары-төмен).<br>**Кеңістікті бағдарлау**.Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау.**Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Балалардың шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту** | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу . Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |
| | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Заттардың (жануарлар, құстар) толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді қиюда қолдану. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру |
| | Музыка (аптасына 2 рет) | **Музыка тыңдау.**Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**. қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Ағаш қасықтармен, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | **Жануарлар әлемі.**Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды коректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар**. өкшемен,адымдап,сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен алмастыру, сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;<br>Аяқтың ұшымен,сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:**<br>**Жорғалау, өрмелеу:** көлденең тақтада төрт аяқпен жорғалау, құрсаумен өрмелеу; гимнастикалық қабырғаға ауыспалы қадамдармен жоғары және төмен көтерілу, арқалықтың, гимнастикалық орындықтың үстіне шығу.<br>**секіру**: аяқ бірге, аяқ алшақ, бір аяқпен (оң және сол жақта кезектесіп), 20-25 сантиметр биіктіктен, бір жерден ұзындығы (кем дегенде 70 сантиметр).<br>доптарды айналдыру, бір-бірін заттардың арасына айналдыру; заттарды тік нысанаға (нысананың ортасының биіктігі 1,5 метр) 1,5 метр қашықтықтан лақтыру; доптарды бір-біріне төменнен, бастың үстінен лақтыру және оларды ұстау (1,5 метр қашықтықта).<br>Құрылыс, қайта құру: сызық бойынша, бағдарларға сәйкес теңестіру; оңға, солға, айналады.<br>**Көркем гимнастика:** бұрыннан үйренген жаттығулар мен циклдік қозғалыстарды музыка әуенімен орындау.<br>Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен өз бетінше сырғытыңыз. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдыларындамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту**: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету<br>**Сөздік қор.**Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қордымағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану. |
| | Қазақ тілі(аптасына 1 рет) | **Тілдік дамытушы орта**.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алудыанық сөйлей білуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән қ,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**.Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.Ойыншықтарды 4-5 сөйлеммен сипаттау |
| **Танымдық жәнезияткерлікда ғдыларды дамыту** | Математика негіздері | **Жиын.**Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу<br>**Сан, санау**.4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем |

| | | |
|---|---|---|
| | | топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру .<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Балалардың шығармашылық дағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту** | Сурет салу | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. |
| | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | Музыка (аптасына 2рет) | **Музыка тыңдау**. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту**.Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, ән айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**. Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен, асатаяқ, сазсырнайда,барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер.**Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдану.Атрибуттармен би қимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен карауға тәрбиелеу<br>Қазақстан Республикасының басқ аласы–Астана қаласы,республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар**<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен(оңғ ажәне солға),жүруді жүгірумен,секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдіктісақтау:сызықтардың арасымен жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап,еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан;<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп,адымдап жүгіру, «жыланша» ; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып,40–50метрге жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу. Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу.<br>Секіру: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру.<br>**Лақтыру,қағып алу, домалату.**<br>Заттарды қашықтыққа лақтыру(3,5–6,5метрден кем емес); оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу(қатарынан 3–4рет).<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру;оңға,солғабұрылу,орнында айналу;араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату, Мұз жолмен өзбетінше сырғанау. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдылардыдамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>**Фонематикалық естуді дамыту**:белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну,заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды,материалдардың белгілі жәнебелгісіз қасиеттерінсөйлеуде қолдану.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді,етістіктерді,есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының сөздерімен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен септіктерде,жекеше және көпше түрде, затесімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр,жүр,жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше қарап, сипаттауға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдерді тыңдауға,көркем сөзге,кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау,кейіпкерлерге жанашырлықтаныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөздерін айту,кейіпкерлердің мінезін беру,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге,ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын,соңын ойданқ ұрастыруға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу өнеріне баулу.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,образдыбейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. |
| | Қазақ тілі аптасына 1 рет | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздікқор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуге үйрету.Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге мүмкіндік беру.ойыншықтармен заттарды 4-5сөйлеммен сипаттауға. |
| **Танымдық жәнезияткерлікдағдыларды дамыту** | Математика негіздері | **Жиын.** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан,санау.**<br>4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беругеүйрету.<br>**Шама.** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, |

| | | |
|---|---|---|
| | | енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолдану.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>«Бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Балалардыңшығармашылықдағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту** | Сурет салу | Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру(қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояударсыз балармен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды арқылы қаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым Композицияларді мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.Мүсіндеуде қысу,тарту,басу әдістерін қолдану.Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | Текше дендөңгелек пішін,тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға; Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттармен |

| | | |
|---|---|---|
| | | нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немес еөзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан,«лего» конструкторлардан құрастыру<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан<br>Құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу,түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.Табиғи,қалдық Материалдардан құрастыру.Қалдық (қақпақтың түрлері,пластик, қораптар,кірқыстырғыштар)заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Музыка (аптасына 2 рет) | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, онытың дауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>**Музыка тыңдау.**<br><u>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған</u> музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Әнайту.**<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын,<br>Ойындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатынырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы  музыкалықа спаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен,асатаяқ,сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Би.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау,музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарының,билердің атауларынестесақтау.<br>Жеңіл,ырғақпен қозғалу;жұппен биқимылдарын орындау;билерде ойындағы музыкалық қимылдарды  қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | Өлі табиғат құбылыстарымен заттары.<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын(жел,жаңбыр,тұман,қар,бұршақ,кемпірқосақ,боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киіну.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып,жапырақтартүсті,күнніңсуықтығынан жердегі қармұзға айналды),ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауарайының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Көлік түрлерінің қолданысын(әуе,су,жердежүретінкөліктер)ажырата білу,оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон,компьютер,теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы  білу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру(электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар**<br>**Жүру:**Адымдап, жан-жаққа қосалқықадаммен(оңға және солға)бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау**:Гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жүгіру:** орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып,40–50метрге жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу.<br>**Секіру:** 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қосаяқпен секіру, бір орында тұрып,оңға,солға бұрылып қысқа секіргішпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу**: заттардың арасымен доптарды,құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру(3,5–6,5метрден кем емес), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға допты жоғары лақтыру және екіқолымен қағып алу(қатарынан 3–4рет).<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.Екеуден,үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру,бағыт бойынша түзелу, екеуден,үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру.Ырғақтық жаттығулар.Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Спорттық жаттығулар**: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанаментөбешіккекөтерілу,төбешіктентүскендетежеу.Мұзжолменөзбетіншесырғанау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылдыойындар**. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.Ойындарда физикалық қасиеттерді(жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік)дамыту.Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдылардыдамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді(р,л)дыбыстарды анықайтуға жаттықтыру, Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: <u>сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту</u>. Фонематикалық естудідамыту:белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін затесімдермен,еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сынесімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағына сықарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануғаүйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен септіктерде,жекешежәнекөпшетүрде,зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға,етістіктердібұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр,жүр,жүгір).<br>**Байланыстырыпсөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету:затты,суретті өзбетінше қарап,сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың,ертегілердіңқызықты үзінділерін қайталап айтуға,бейтаныс заттар,құбылыстар,оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау,мазмұнынтүсінугежәнеолардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге,ересектермен бірге ертегімен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларыментаныстыру,санамақ,жаңылтпашайту, жұмбақшешу,айтыс өнеріне баулу.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныскейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. |
| | Қазақ тілі аптасына 1 рет | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықестуді,анықжәнеқалыптықарқынменсөйлей білудідамыту.<br>**Сөздікқор.**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздердітүсінужәне атаудағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Өз ойын жайж әне жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндікберу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатынасәйкес жауап беруге бір-бірімен еркін диало гқұруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| Танымдық және зияткерлікдағдыларды дамыту | Математика негіздері | **Жиын.**Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан,санау.**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды ретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындысандыатауға,«барлығықанша?» сұрағынажауап беругеүйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік жәнетеңсіздіктуралыұғымдардықалыптастыру.Теңұғымынекітәсілменсаныбойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылықалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беругеүйрету.5көлеміндетуражәнекерісанауғажаттықтыру.<br>**Шама.**Заттаршамасыбойыншаәртүрліболатындығыжайлытүсінікберу.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыру.<br>**Геометриялықфигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялықпішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеу,сөйлеудесынесімдердіқолданып,салыстырунәтижелерінатау(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқанемесеұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығыбойыншатең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын  кеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| **Балалардыңшығармашылықдағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту** | Сурет салу | жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру(қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктер мен таныстыру және олтүстерді өз бетінше жасауға ынталандыру(қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояудрасыз балармен жақпаларды бірбағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды арқылы қаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу | Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін істеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты,шығармашылық қабілетті,қиялды дамыту. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу,алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеу. Қаза қхалқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық,кебежемен,қоржынмен таныстыру.<br>Геометриялық пішіндерден,өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып,жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруғ амүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторлардан құрастыру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру,құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылыстыталдау.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп,шиыршықтап,көлемді пішіндерге,орамдарға,ілмекке айналдырабілу,бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.<br>Табиғи,қалдықматериалдарданқұрастыру.<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері,кенеп,мата,дәннің түрлері)және қалдық(қақпақтың түрлері,пластик,қораптар,кірқыстырғыштар)заттардан құрастыру.Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Музыка (аптасына 2 рет) | **Музыка тыңдау.**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Әнайту.**Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақтықимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қосаяқпен еркін және жеңіл секіру,қимылдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен,сылдырмақтармен,асатаяқ,домбыра,сазсырнайда,барабан және металлофонмен қарапайым әуендердіойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарының,билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл,ырғақпенқозғалу;жұппен биқимылдарын орындау;билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен әнайтып жүру,қимылдарды өзгерту,шапшаңдықпен ептілік таныту,музыканың көңілді,ойнақы сипатын ажырата білу,атрибуттармен биқимылдарын орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала,оныңотбасы,үй.**<br>Баланың«Мен»бейнесін қалыптастыру.Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, Отбасындағы үлкендерді сыйлауға,құрметкөрсетуге,кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**Заттық әлем.**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Өлі табиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын(жел,жаңбыр,тұман,қар,бұршақ,кемпірқосақ,боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,жаңбыр жауды,желсоқты),соғансәйкес киіну.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (желсоғып,жапырақтар түсті,күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды),ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>Бақылау, эксперимент және еңбек етубарысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері(мінезіндегі ерекшеліктер,қозғалысы,коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегітуралыұғымдарынкеңейту.<br>Жабайыаңдар,олардыңсырткытүрі,қозғалуы,тіршілікетуортасы,азығы,қысқабейімделуітуралыұғымдарынбайыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:күзде көбелектердің,қоңыздардың,кейбір құстардың болмауы,қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайдаболуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұясалуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардыңкөбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**:Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы

| Дағдылар | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру:**өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен(оңға және солға),саптабір-бірденжүру,жүруді жүгірумен,секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарынүйлестіру.<br>**Тепе-теңдіктісақтау**:қырлы,көлбеу тақтай бойымен(ені2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру.<br>**Жүгіру:** түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру,1–1,5минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу:**гимнастикалық қабырғаға оңға, солға ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>**Секіру:**аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25сантиметр биіктіктен секіру<br>**Лақтыру,домалату,қағыпалу:**заттардың арасымен доптарды,құрсауларды бір-біріне домалату;заттарды қашықтыққа лақтыру(3,5–6,5метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);допты жоғары лақтыру жәнеекі қолымен қағып алу(қатарынан 3–4рет).<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу,орнында айналу;араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар**.Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Спорттық жаттығулар екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар** Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдылардыдамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді(р,л)дыбыстарды анықайтуға жаттықтыру.Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтармен жаңылтпаштар айтқызу.Дикция бойынша жұмыстыжалғастыру: сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту:белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор**. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығынт үсіну,заттардыңатауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды,материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеудеқолдану. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сынесімдерді,етістіктерді,есімдіктерді қолдану.Сөздікқорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту . Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», асқайыру , бата беру,қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға,дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға,оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, затесімдерді сын есімдермен байланыстыруға,етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр,жүр,жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету:бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдардысахналау. |
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту,ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау,мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерінайту,кейіпкерлердің мінезін беру , шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегімен әңгіменің басын,соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгімеқұрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпашайту, жұмбақшешу,айтыс өнеріне баулу,еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. |
| | Қазақ тілі. (аптасына 1 рет) | **Тілдік дамытушы орта.**Сөйлесу барысында әңгімелесу шінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өзбетінше қолдану түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуғабаулу.<br>**Сөздік қор.**Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздердітүсінужәне атау дағдыларын қалыптастыру.Туыстық қарым-қатынасты(«сіңлі»,«жеңге»,«жезде»,«нағашы»,«жиен», «бөле»)білдіретін сөздерді үйрету.Өзінің отбасы,отбасылық мерекелер,отбасындағы қызықтыоқиғалар,салт-дәстүрлер туралыайтуғабаулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Суреттербойынша әңгіме құрастыруға,ойыншықтармен заттарды4- 5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| **Танымдық жәнезияткерлікдағдыларды дамыту** | Математика негіздері. | **Жиын.**Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақсалыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан,санау**.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>**Геометриялық фигуралар.**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сынесімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойыншатең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағыттақозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,солжағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау**.Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |
| **Балаларды шығармашылы** | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқазаттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және олтүстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін,олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бірбағытта жоғарыдан |

| | | |
|---|---|---|
| | | төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды қаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауғабаулу. |
| | Мүсіндеу | Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.Мүсіндеуд е қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты,шығармашылыққабілетті,қиялдыдамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзусызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін,тікбұрыштан бұрыштарын бүктеуарқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді,оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және олзаттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеу.Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалы өнерімен, киізүй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен,қоржынмен таныстыру. Элементтердің ретін,олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды,пішінін ескере отырып,ұлттықою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды,ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияныкұрастырудадайынпішіндердіңкөмегімензаттардықиюғанемесеөзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндікберу.Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторларданқ ұрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектеріна жырату(текше,пластина,кірпіш,блок)жәнеатау,оларды сапасы, көлемі мен пішін бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыру ғамүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою,құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға,ілмекке айналдыра білу,бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композиция құрастыру,«оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.<br>Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.Табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен,тұрмыстық заттарымен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка (аптасына 2 рет) | **Музыка тыңдау.**Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндермен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,әндісозып,қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші октава шегінде).Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.Әуенді таз ажәне сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету .Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз әнайтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар** .Қимылдарды музыкамен сәйкестендір еотырып,жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>**Билер.**Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру,қимылдарды өзгерту,шапшаңдықпен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен биқимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала,оныңотбасы,үй**.Баланың«Мен»бейнесін қалыптастыру.Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**Заттық әлем**.Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары**.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**.Балалардың еңбекетуге деген оңкөзқарасын тәрбиелеу,берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру,олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықтықалыптастыру.<br>**Адамгершілік және патриотты қтәрбие.** Қарапайымдылыққа,мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.Жағымсыз қылықтары үшін ұяттыс езіне білуге,ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауғабаулу.<br>**Менің Отаным–Қазақстан**.Отанымыз–ҚазақстанРеспубликасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.Мемлекеттік рәміздерге (ту,елтаңба,әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Өсімдіктер әлемі**. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталар және ағаштар (бақша,орман).Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.** Жабайыаңдар,олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:күзде–көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы,қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайдаболуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұясалуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Сәуір  айы, 2023-2024 оқу жылы

| **Дағдылар** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|

<table>
<tr>
<td>Физикалық қасиеттерді дамыту</td>
<td>Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)</td>
<td>Негізгі қимылдар.<br>
Жүру:өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен(оңға жәнесолға),сапта бір-бірден жүру,жүруді жүгірумен,секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>
Тепе-теңдіктісақтау:қырлы,көлбеу тақтай бойымен(ені2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру.<br>
Жүгіру: түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру,орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып,40–50метрге жүгіру.<br>
Еңбектеу,өрмелеу:көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу;құрсаудан еңбектеп өту;<br>
Секіру:аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа(шамамен70сантиметр),қысқа секіргішпен секіру.<br>
Лақтыру,домалату,қағыпалу:заттардың арасымен доптарды,құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру(3,5–6,5метрден кем емес),<br>
5 метр  қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылыбастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);<br>
Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнын дайындау; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>
Ырғақтықжаттығулар.Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>
Спорттық жаттығулар екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>
ҚимылдыойындарТаныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік) дамыту.Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға  баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдылардыдамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу<br>**Фонематикалық естуді дамыту**: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету<br>**Сөздік қор.**Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін затесімдермен,еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта**.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| | (аптасына 1 рет) | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алудыанық сөйлей білуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**.Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Туыстық қарым-қатынасты  білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**.Ойыншықтармензаттарды4-5сөйлемменсипаттауға,берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| **Танымдық жәнезияткерлікдағдыларды дамыту** | Математика негіздері | **Жиын**.Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақсалыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан,санау**.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «каншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама**.Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе  ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойыншатең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| **Балалардыңшығармашылықдағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту** | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бірбағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.Қылқаламды үстінен баса отырып,жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу | Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу,әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін июю, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | Жапсырумен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді,оюларды қиюда қолдану.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу,алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып,содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Құрастыру | Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композицияқұрастыру,«оригами»үлгісібойынша қарапайым пішіндер құрастыру.Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | Музыка (аптасына 2рет) | **Музыка тыңдау**.Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Әнайту**.Балаларды мәнерлеп әнайтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші |

| | | |
|---|---|---|
| | | октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.Әуенді таза және сөздерді анықайтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйем елдеуінсіз әнайтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**.Би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қосаяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>**Билер.**Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен әнайтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдықпен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала,оныңотбасы,үй..** Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**Заттық әлем**.Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары**.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**.Балалардың еңбекетуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу,берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру:бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**. Қарапайымдылыққа,мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге,ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>**Менің Отаным–Қазақстан**.Отанымыз–Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту,елтаңба,әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Өсімдіктерәлемі.** Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралыбастапқы түсініктердіқалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталар жәнеа ғаштар (бақша,орман).Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі**. Жабайыаңдар,олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде–көбелектердің,қоңыздардың,кейбір құстардың болмауы,қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұясалуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау. |

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы

| **Дағдылар** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту** | Дене шынықтыру (аптасына 3 рет) | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру:**өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен(оңға және солға),сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдіктісақтау**:қырлы,көлбеу тақтай бойымен(ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру.<br>**Жүгіру:** түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру,орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып,40–50метрге жүгіру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу**:көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу;құрсаудан еңбектеп өту;<br>**Секіру**: аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа(шамамен70<br>сантиметр),қысқа секіргішпен секіру.<br>**Лақтыру,домалату,қағыпалу**:заттардың арасымен доптарды,құрсауларды бір-біріне домалату;заттарды қашықтыққа лақтыру(3,5–6,5метрден кем емес),5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқажәнешеңбергетұру.Екеуден,үшеуденбірініңартынанбіріқатарғатұру,бағытбойыншатүзелу;оңға,солғабұрылу,орнындаайналу;араларыналшаққұстаужәне жақын тұру.<br>Ырғақтық жаттығулар.Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Спорттық жаттығулар екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар**Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық,күш,шыдамдылық,икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармен ойындарда балаларды ңбелсенділігін дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| **Коммуникативтікдағдылардыдамыту** | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу<br>**Фонематикалық естуді дамыту:** белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету<br>**Сөздік қор**.Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.Сөздікқордыересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен,еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді,аққөңіл-салмақты)ынталандыру. |
| | Қазақ тілі (аптасына 1 рет) | **Тілдік дамытушы орта**.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алудыанық сөйлей білуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қор**.Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**.Ойыншықтармен заттарды4-5сөйлеммен сипаттауға,берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| **Танымдық жәнезияткерлікдағдыларды дамыту** | Математика негіздері | **Жиын**.Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан,санау**.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама.**Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау**.Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.**Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| Балалардыңшығармашылықдағдыларын,зерттеуіс-әрекетін дамыту | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа  заттарды бейнелеу арқылы  сюжеттік  композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалармен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.Қылқаламды үстінен баса отырып,жуан сызықтарды қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға,ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға  баулу. |
| | Мүсіндеу | Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрліпішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау |
| | Жапсыру | Жапсырумен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін,тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді,оюлард ықиюда қолдану.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін  құрастырып,содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік  беру жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Құрастыру | Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап,көлемді пішіндерге,орамдарға,ілмекке айналдырабілу,бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп,композиция құрастыру,«оригами»үлгісі бойынша қарапайымп ішіндер құрастыру.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене |

| | | |
|---|---|---|
| | | отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.. |
| | Музыка (аптасына 2 рет) | **Музыкатыңдау**.Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Әнайту**.Балаларды мәнерлеп әнайтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).Қысқа музыкалық фразаларар асында тыныс алуды дамыту.Әуенді таза және сөздерді<br>анықайтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз әнайтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**.Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,марш сипатын ырғақты жүріспен беру,музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып,қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру**.**<br>**Балалар** музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>**Билер.**Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдықпенептіліктаныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу,атрибуттармен биқимылдарын орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардықалыптастыру** | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала,оныңотбасы,үй**..Баланың«Мен»бейнесін қалыптастыру.Баланы өсіп,жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеу.Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.Отбасындағы үлкендерді сыйлауға,құрмет көрсетуге,кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>**Заттық әлем**.Балаларды заттық әлеммен таныстыру және оны мен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары,олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары**.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**.Балалардың еңбекетуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу,оны жақсы орындау.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру,олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**. Қарапайымдылыққа,мейірімділікке және әділдікке,ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге,ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>**Менің Отаным–Қазақстан**.Отанымыз–Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.Мемлекеттік рәміздерге (ту,елтаңба,әнұран)құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Өсімдіктер әлемі**. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралы бастапқы түсініктерд іқалыптастыру. |